

М.А.Тұрсынова, Н.Ж.Исатаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)

Көне түркі тіліндегі сын есім жұрнақтарының қазіргі түркі тілдеріндегі қалыптасуы

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімнің сипатын көрсетуде көне жазбалар тіліндегі сын есімнің көрінісі сараланып, аталған мұралардағы сындық мағынаны білдіретін сөздерге, сын есімнің жұрнақтарына сипаттама берілді. Сын есімнің қазіргі түркі тілдеріндегі сипатын ашуда жеке тілдерге тән ерекшеліктер, көне түркі тілімен салыстырғандағы сабақтастық, қазіргі түркі тілдеріндегі ортақтықтар көрсетілген. Мақала авторлары бұл тұрғыдан көне түркілік сын есім жұрнақтарының түркі тілдерінде әр түрлі орнығуы, кейбір тілдің сын есім жасаудағы ерекше формаларының болуы сияқты нақты-нақты ерекшеліктерді дәлелді мысалдармен көрсеткен. Мысалдар көне жазбалардан, ал қазіргі түркі тілдеріндегі сипатын беруде қыпшақ, қарлұқ, бұлғар, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдерінің мысалдары пайдаланылған.

Кілт сөздер: түркі тілдері, тарихи-салыстырмалы зерттеу, салыстырмалы грамматика, салыстырмалы морфология, сын есім.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сын есім мен қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі сын есім категориясының арасында мағыналық та, тұлғалық та айырмашылық жоқ. Тек аздаған ғана фонетикалық ерекшеліктері кездеседі.

Ескерткіштерде сапалық та, қатыстық та сын есімдер, негізгі (*қызыл, қара, сарығ, көк, йашыл*) және туынды сын есімдер синтетикалық жол арқылы да (*білігсіз, ічрекі, білге*), аналитикалық әдіс арқылы (*қара көк, ақ боз, қара торы*) да жасалады.

Орхон-Енисей жазбаларында түр-түсті білдіретін негізгі сын есімдер (*ақ, қатығ, сарығ, қоңыр*) және әр түрлі өлшем атауымен, заттың нақтылы сапасымен байланысты айтылатын (*үлкен, кішіг, бай, чығай, едүг*) сын есімдер де көптеп кездеседі. Ескерткіштерде сын есімнің шырайларының қазіргі түрлері түгел кездеспейді.

-Лығ, -ліг, -луғ, -лүг, -лаг, -лег, -луқ, -лүк. Тілде *-лығ* жұрнағы зат есім тудыруда қандай қызмет етсе, сын есім тудыруда да сондай роль атқарады. Негізгі түбірге де (*йалынлығ, йемліг, кучлүг*), туынды сөздерге де, яғни жұрнақ үстіне қосақталып та (*білігліг, ыдуқлүк*), жалғана береді. (*Екі үлүгі атлығ ерті — Екі бөлегі атты еді*); *-лығ, -лы* жұрнағы зат есімге жалғанып, сын есім (*тонлығ, алтунлығ, адақлық, йазуқлық, буқалы-бұқалы, сувлы-сулы, қорқунчлығ-қорқынышты* т.б), сын есімге жалғанып, зат есім жасай береді (*уйар-үлкен, уйарлығ-беделді; ыдуқ-қасиетті, ыдуқлүк-қасиеттілік*). Орхон-Енисей ескерткіштерінде кейде *-лығ* жұрнағымен мағыналас келіп отыратын және соның орнына ара-тұра қолданыла беретін *-лы* аффиксі көне жазбаларда қос сөздер құрамында да жұмсалып отырады: *інілі-ечілі (ағалы-інілі)*.

-Лығ, -лы аффикстері — Орхон-Енисей жазбаларында жаңадан сөз тудыруда өнімді қызмет атқаратын жұрнақтар. Қазіргі түркі тілдерінде де олар актив жұрнақтар қатарында қаралады.

-Суз, -сүз, -сыз, -сіз: *Йағысыз-жаусыз, тонсыз-киімсіз, буңсуз-мұңсыз, йолсыз-жолсыз, сувсуз-сусыз;* Орхон-Енисей ескерткіштерінде *-сыз* жұрнағы жалғанған сөздер ауыспалы мағынада да қолданылады: *білігсіз* (білімсіз, сауатсыз, надан), кергексіз (ақыры, соңы); *-сыз* жұрнағының шығу тарихын кейбір ғалымдар (Баскаков) *-са, -се, -сы, -си-мен* байланыстырса, кей ғалымдар (Гарипов) чуваш тілінде *сылу* (сыру) мағынасын беретін сыр етістігімен байланыстырады. Бірақ көптеген түркі тілдерінде *-сыз* болымсыздық ұғым беретін жұрнақ ретінде ғана танылады [1; 155].

-Ғы, -гі, -қы, -кі. Бұл жұрнақтар Орхон-Енисей жазбаларында жатыс жалғауынан кейін жалғанады. Қазіргі түркі тілдерінде де олар осындай ретпен қолданылады. Жатыс жалғауы мен *-ғы, -гі* аффиксінен біріккен құрамды *-дағы, -дегі, -тағы, -тегі* жұрнақтары мекендік мағынаны білдіреді. Бұл жұрнақтар ескерткіштерде көбінесе мекендік ұғым беретін зат есімдермен, үстеу сөздермен, сол сияқты жатыс септігінде тұрған есімдермен бірігіп, сын есімдер жасайды. Мысалы: *йердекі — жердегі, булуңдағы — бұрыштағы, көңүлтекі — көңілдегі, ічрекі — іштегі, тағдақы — таудағы, балықдақы — қаладағы, бүжүнкi — бүгінгі* т.б.

Жатыс септік формасындағы мекендік мағына беретін зат есімдер мен үстеуге жалғанып, мекендік ұғымды білдіретін сын есім жасайды: *Йердекі тамкалығ йылқы бунсыз ерті* — Даладағы жайылып жүрген таңбалы жылқы сансыз еді; *Көңүлтекі сабымен* — Көңілдегі сөзім.

-*э, -э, -қ, -к, -ығ, -ук, -үг, -ық, -ик*. Бұл жұрнақтар Орхон-Енисей жазбаларында зат есімге, сын есімге де жалғанып, туынды сын есім жасайды. Ол көбінесе етістіктен сын есім жасайды да, іс-әрекет нәтижесін білдіреді: *Анта алығ адашыма анта сізіме едүг ешіме адырылтым* — Байлығымнан, мейірманды жолдастарымнан мені елім айырды; *Тамағ ыдуқ баида сүңүшідім, Күлтігін ол сүңүште отуз йашаур ерті* — Біздер қасиетті Тамағ төбеде шайқастық, ол кезде Күлтегін отыз жаста еді.

-*э, -қ* жұрнақтары етістікке жалғанып, сын есім жасайды: *алығ* — байлық (түбірі *ал*), *ыдуқ* — қасиет (түбірі — *ыд* — жіберу), *бедүк* — биік (түбірі — *бедү* — көбею).

-*сығ, -сық, -шығ, -шіг* жұрнақтары түбір сөздерге жалғанып, қатыстық сын есім жасайды: *Ачсық тосық өмезен* — Аштықта тоқтықты түсінбейсің; *Нең йылсығ будунқа олурмадым* — Хандығымдағы халық бай емес-ті; *Ечім қаған илі қамашығ болуқынта* — Менің нағашым қағанның елі бүлікшіл болды;

-*шағ* жұрнағы, -*чыл* жұрнағы бір-ақ сөзде кездескен: *Сүчіг сабын, йымшақ ағын арып* — Тәтті сөз, асыл сый берді; *Іч йер ілкі артзун, атчыл апытутуқ йоқ* — Ішкі жерде еліктер артты, оны аулайтын атшыл (ат мінуді сүйетін) біздің елде жоқ екен.

-*тег* жұрнағы зат есімге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер тудырады: *теңрптег* — тәңрідей, *бөрптег* — бөрідей. Бұл жұрнақтың қызметі қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер жасайтын -*дай, -дей* аффикстерінің қызметімен сәйкес келеді.

-*ге* жұрнағы етістіктерге жалғанып сын есім жасайды: *білге* — білгіш. *Білге қаған ерміш* — Білгіш қаған екен.

Көне жазба ескі-де -*дем* жұрнағы бір-ақ вариантта ғана кездеседі. Бұл жұрнақ есім сөздерге де, етістіктерге де жалғана береді: *Ер атым Ерен улуг ердеміг батур* — Менің атым батыр Ерен ұлық атақты батырмын. (Ердем — *даңқты*, түбірі — *ер*). Қазіргі түркі тілдерінде ол сөз жасаушы жұрнақ ретінде кездесе бермейді, бірақ кейбір түркі тілдерінде, мысалы, башқұрт тілінде *берзам* (бірлік), *кундам* (тіл алғыш) деген сөздер бар [1; 155–165].

Ескерткіштерде сын есімнің шырайлары ретінде салыстырмалы шырай: *ақсырақ* — ағырақ, *өкшүрек* — көбірек, *бегрек* — бегірек, *йақшырақ* — жақсырақ, *ертрек* — ертерек, *теңрптег* — тәңрідей. Күшейтпелі шырай ретінде зерттеушілер Орхон-Енисей жазбаларында, көне ұйғыр ескерткіштерінде ең *ілкі* — ең әуелгі сөзін, ал басқа ескерткіштерден күшейтпелі шырай: *анақ, қынқызыл, көм-көк* сөздерін мысалға келтіреді [2].

М.Қашқари сөздігінде сын есім тұлғаларының бәріне бірдей тоқтала бермеген. Сын есімге тән тұлғалардың ішінен М.Қашқаридың жекелеп алып қарастыратыны — сын есімнің интенсив формалары (күшейтпелі шырай тұлғалары). М.Қашқаридың түсіндіруінше, сын есімнің күшейтпелі түрлері мынадай жолдармен жасалады: бір буынды сөздердің соңғы дыбысы *п, м* дыбыстарының біріне ауысады: *Көп* — көк (түрік тайпасы тілінде), *көм* — көк (оғыз тілінде). *Сарығ* сөзінің күшейтпелі түрін *сарп* — сарығ сипатында айтады. Сондай-ақ бос жер, ашық жер мағынасындағы *йазы* сөзінің күшейтпелі түрі *йап* — йазы (жап-жазық). Бұл айтылғандардан шығатын екінші мәселе көп буынды сөздердің алғашқы буыны ғана қайталанатын. Қайталанған уақытта буынның соңғы дыбысы дауыссыз болса, *п, м* дыбыстарының біріне ауысады, егер дауысты болса *п* дыбысы үстіне буын барып қосылады. М.Қашқаридың айтуынша, күшейтпелі мәнді сын есімдер арнаулы сөздердің сын есімдермен тіркесіп келуі арқылы жасалады: *тес* — күшейтпе мән беретін қосымша (оғызша). Оғыздар домалақ нәрсе туралы айтқысы келсе *тес тегірме* дейді, бұл — доп-домалақ деген». *Тум* — мал, хайуандардың реңін айқындауда толық мән беру үшін қолданылатын сөз: *тум қара ат* (тым қара ат). *Чім* — бір нәрсенің ылғалдығын, пісіп жетілмегендігін асырып айтуда қолданылатын сөз: *чім йік ет* (тым жас ет). *Сүм* — өте, тіпті, жүдә: *Сүм сүчүк нең* (өте тәтті нәрсе) [2; 161].

Сөздікте есімдерден сын есім жасайтын қосымшалардың ішінен М.Қашқари -*лығ, -ліг, -луг, -лүг* аффиксіне арнайы тоқталған. Ол туралы автордың пайымдауларына мыналар жатады: 1) заттың неге, не мақсатқа арналғандығын аңғартады: *төшеглік барчын* (төсекке дайындалған жібек мата); 2) іс-іесінің қасиетін, сапасын білдіреді: *бедүк қарынлығ ер* (үлкен қарынды кісі; білеклік ер (білекті, күшті адам); 3) болған істің кімге, неге қатыстылығын: *сарығлығ ер* (сары ауруына ұшыраған адам).

Есімдерден сын есім жасайтын аффикстің бірі — -*чыл, -чил*. Бір нәрсе үстіндегі әрекеттің ұзақ, көп болғандығын білдіру үшін сөзге -*чыл* қосылады. Сондықтан: *тупчыл йер* (дауылды, желді жер) тіркесіндегі жел мәніндегі *тупчыл* сөзіне -*чыл* қосылып желкем мәнін беретін сын есімге айналған.

Ұзақ ауырған кісіні *igçil* деу де осы қағидаға жатады. Алайда бұл жай көп таралмаған. Сөйтіп, бұл қосымша арқылы жасалған сын есімдер кең тараған емес.

Сонымен қатар сөздікте сын есім жасайтын жұрнақтарға: *-ын, -ін, -ун, -үн* (*теркін сув* — тоқтау су, балшықты су); *-қы, -кі* (*қатқы кіші* — қатты адам, ешкімге бойұнсынбайтын адам; *тұрқы нең* — тырысқан, бүріскен нәрсе); *-ығ, -ық, -іг, -уқ, -үк* (*пышығ ет* — піскен ет); *-ға, -ге* (*йорыға ат* — жорға ат). Сондай-ақ сөздікте: *Оғлақ йіліксіз, оғлан біліксіз; ұсұз кіші* — ұйқысыз кісі; *арнасыз; арқасыз; басыншақ-жасқаншақ; бағырсақ* — бауырмал. Сындық мағына беретін *ызұқ* — ұзын (ызұқ тағ); *арұқ* (арық); *озұқ ат* (жүйрік ат); *ұлық тон* (ескі тон); *ұтұн* (дөрекі); *евек* (ұшқалақ), *сарығ* (сары), *йаратты йашыл жееш* (көгілдір етіп жаратты) сөздер, сөз тіркестері бар [2; 163].

Көне қыпшақ тіліндегі ескерткіштерден сын есімнің жұрнақтары ретінде: *-ағай, -егей* (солағай-солақай, *-ғы, -гі, -қы, -кі* (*базардағы* — базардағы, *алдыкі* — алдыңғы), *-лы, -лі, -лу, -лү* (*татлы* — тәтті, *йазуқлы* — жазықты), *-сыз, -сіз, -суз, -сүз* (*тәңір ішісіз* — тәңірісісіз, *еч йамансыз* — еш жамансыз), *-ачық, -ечік* (*азачық* — өте аз, *итчүк* — кішкентай ит, *қылыччуқ* — кішкентай қылыш), *-ғақ, -гек, -қақ, -кек* (батқақ, қачқақ, тайғақ) жұрнақтарын айтуға болады [2; 230–231].

Қазіргі түркі тілдерінде сапалық сындардың күшейту тәсілдері бір-біріне ұқсайды. Есімдерге жұрнақтар қосылу арқылы қатыстық сын есім жасалады. Бұндай жасалмалы сын есімдер сапалық сын есімдер сияқты көптеген заттың сынын білдіре берместен, өзінің тектес зат есімдеріне ғана қатыстығын білдіреді. Есімдерден, басқа да сөз таптарынан жасалған сын есімдердің көпшілігі өзінің негізімен жасалу тәсілі бойынша бір-біріне ұқсас. Мысалы, *-қы, -кі, -ки, -ғы, -гі, -ги* — қазақ, қарақалпақ тілдерінде; *-қы, -ғы, -ги, -гу* — қырғыз тілінде; *-ги, -ки* — өзбек тілінде; *-қи, -қы* — ұйғыр тілінде; *-қи, -қы* — түрікмен тілінде; *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* — қазақ тілінде; *-лы, -ли* — қарақалпақ тілінде; *-луу, -лүү, -туу, -түү, -дуу, -дүү* — қырғыз тілінде; *-ли* — өзбек тілінде; *-лы, -ли* — түркімен тілінде; *-сыз, -сіз// -сиз* — жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде; *-сыз, -сиз, -суз, -сүз* — қырғыз тілінде; *-сиз* — өзбек, *-сиз* — ұйғыр тілінде; *-сыз, -сиз, -суз, -сүз* — түрікмен тілінде. Бұл *-сиз, -суз* жұрнағы ескі жазба ескерткіштерде, әдеби мұралар тілінде өте көп кездеседі және сол мағынасымен атқаратын қызметін дәл түрінде сақтағанын байқаймыз [3; 69].

Түркі тілдерінің тарихына қатысты *-лығ> -лы; -сыз// -сар* туралы пікірлер айтылады.

-лығ/ -лы аффиксінің көмегімен зат есімнен сын есім құралады. Берілген аффикс кейбір тілдерде бірден бастап он алты нұсқасы берілген.

Татар тілінде бұл аффикстің екі нұсқасы бар; *-лы, -ле*. Мысалы: *акыллы* — умный, *көчле* — сильный.

Башқұр тілінде төрт нұсқасы: *-лы, -ле, -ло, -лө*. Мысалы: *акыллы* — умный, *көслө* — сильный, *толопло* — имеющий тулуп, *итле* — мясистый.

Әзербайжан тілінде де бұл аффикстің төрт нұсқасы бар: *-лы, -ли, -лу, -лү*. Мысалы: *агыллы* — умный, *күчлү* — сильный, *дузлу* — соленый, *әтли* — мясистый.

Қырғыз тілінде берілген аффикстің алты фонетикалық нұсқасы берілген: *-луу, -лүү, -дуу, -дүү, -туу, -түү*. Мысалы: *акылдуу* — умный, *күчтүү* — сильный, *аттуу* — имеющий лошадь, *эгиндүү* — имеющий хлеб.

Хакас тілінде де алты түрі бар: *-лығ, -ліг, -тығ, -тіг, -нығ, -ніг*. Мысалы: *малығ* — имеющий скот, *аттығ* — имеющий лошадь.

Тува тілінде бұл аффикстің он алты фонетикалық нұсқасы бар:

-лыг, -лиг, -луг, -лүг, -тыг, -тиг, -туг, -түг, -дыг, -диг, -дуг, -дүг, -ныг, -ниг, -нуг, -нүг. Мысалы: *таглыг* — гористый, *хирлиг* — грязный, *суглуг* — водянистый.

Якут тілінде де бұл аффикстің он алты нұсқасы бар: *-лаах, -леех, -лоох, -лөөх, -таах, -тээх, -тоох, -төөх, -даах, -дээх, -доох, -дөөх, -наах, -нээх, -ноох, -нөөх*. Мысалы: *ақалаах* — имеющий отца, *дьиэлээх* — имеющий дом, *околоох* — имеющий ребенка [4].

Қазіргі түркі тілдерінде *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдер атқаратын қызметімен де, беретін мағынасымен де орхон-енисей ескерткіштеріндегімен, негізінен, ұқсас болып келеді.

Гагауз тілінде *-кы, -ки, -ку, -кү* варианттарында қолданылып, екі мағынаны білдіреді: 1) заттың сынын, уақыт, мезгілін көрсетеді: *қышқы* (түн), *бүүнкү* (жұмыс); 2) жатыс септік тұлғасында тұрған сөздерге жалғанып, мекендік мағына береді: *батыдақы* (бастағы), *аачтақы* (ағаштағы).

Қарашай-балқар тілдерінде *-қыы, -ғыы, -кыы, -ныы, -хы, -кы, -гы, -кыу, -гыу, -кю, -гю* аффикстері де сондай қызмет атқарады: *алгынды* (бұрынғы), *арбаздагыы* (қорадағы), *қыындагы* (қыстағы), *кюзюдегі* (күздегі). Жатыс септік формасынан кейін жалғанған *-кы* жұрнағы мен *кыышкыы* сөзіндегі

-кы жұрнағының өзара фонетикалық ерекшелігі болғанмен, беретін мағынасы, атқаратын қызметі жағынан бұл екеуінің бір-бірінен айырмасы шамалы.

Бұл жұрнақтың қарақалпақ тіліндегі қолданылауынан да (-гьы, -ги, -дагьы, -деги, -тагьы, -теги) жоғарғы тілдердегіден айтарлықтай өзгерісі жоқ: *юйдеги, базардагьы, авилындагьы*.

Өзбек тілінде -ги, -ки белгілі бір уақытты не орынды білдіреді: *езги* (жазғы), *қузги* (күзгі), *ички* (ішкі): -ги (жатыс септігінің формасынан кейін келіп) заттың орның, мекенің білдіреді: *үйдеги*, сондай-ақ ол түрік тілінде -кі, -кү: шор тілінде -кы, -кі, -гы, -ги, *турунгу* (бұрынғы), *күскү* (күзгі), *артенги, қышқы, тагдагы* (таудағы), *иердагы* (жердегі), хакас тілінде -гы, -гі (түнгі): -хы, -кі: *кынтегі* (қазіргі), *голдагы* (қолдағы). Түрікмен тілінде -кы, -ки, -дакы, -дәки (ахыркы): алтай тілінде -гы, -ги, -кы, -ки: қырғыз тілінде -кы (артқы, былтыркы), азербайжан тілінде -қы, -ки, -ку, -кү варианттарында кездеседі. Соңғы айтылған тілде -ки жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде беретін екі мағынаны да білдіреді. Бірақ мекендіктен гөрі мезгілдік мағынасы бар қатыстық сын есімдерді көбірек жасайды: *индики, соңки, илки*.

Башқұрт тілінде -кы, -кі, -гы, -гі, -ке, -ге, -ко, -го, -кә, -ге сияқты форманттар пайдаланылады. Белгілі бір кесікті уақытты білдіреді: *баягы, боронго, хунгы, иртенге, көндөзге*; кеңістік, мекендік мағынаны береді: *алдыңгы, алгы, аргы, аскы, ситке, түбәнге*.

Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде де -қы, -кі, -гы, -гі жұрнақтары біркелкі қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан -қы жұрнағының қазіргі атқаратын қызметі мен беретін мағынасының көне түркі тілдеріндегіден гөрі өзгерісі аз [5].

Түркі тілдерінде етістіктерде де толып жатқан сын есімдер жасалады. Оның үшін етістіктердің түбіріне сын есім тудыратын белгілі жұрнақтар қойылады да, етістіктің лексикалық мағынасын дәл сақтай отырып, сан алуан сындық ұғым білдіретін сөздерді жасайды. Түркі тілдерінде бұндай етістіктерден жасалған сын есімдердің көпшілігі бір-біріне ұқсас болып келеді. Солардың кейбіреулеріне тоқтап, бір-бірімен салыстырып қарайық:

-ық, -ік, -к, -қ, -ақ, -ек, жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде, -ық, -к қырғыз, *ик, -уқ, -қ, -к*, өзбек ұйғыр, -ақ, -ек, -к түрікмен тілдерінде етістіктің түбіріне қосылып, сын есім жасайды. Мысалдар: *қартайдық, қайғы, ойладық ұйқы сергек, Ашуың — ашыған у, ойын кермек* (қаз.); *Талчыбықтай солқулдок кези* (қырғ.); *Ул очик эчикга куз тошади* (өзб.); *Мугаллымлар жайының ачық айнасындан мектеп мудири Ефрем Василиевичиң келеси гөрунди* (түрікм.).

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары қазақ пен қарақалпақ, -ма, -өзбек, -ма, -мә, ұйғыр тілдерінде етістіктерден сын есім жасауға қатынасады.

Мысалдар: *баяма* (мінез), *қынама* (бел), *қаратпа* (сөз), *жайылма* (сойсем), *көште* (құм) — қазақ; *бұяма* (соч), *ясама* (тиш), *қайнатма* (шурва), *ағдарма* (этик) — қырғыз, *асма* (көрүк), *тоқума* (фабрика), *бойима* (паран), *пукшима* (мултик) — ұйғыр т.б.

-шақ, -шек жұрнақтары қазақ, қарақалпақ, қырғыз (*чоқ, чақ, чиқ, чик*), өзбек (*чақ, чеқ, чуқ, чүк*), ұйғыр тілдерінде етістіктерге қосылып сын есімдер жасайды. Мысалдар: *жасқаншақ, еріншек, ұрыншақ, түртіншек* — қазақ, *ясанчук, уялчак, кизганчук, көнулчәқ, еринчәқ* — ұйғыр.

-қақ, -кек, -гақ, -гек жұрнақтары қазақ, қарақалпақ, -қоқ, -гөқ — өзбек, -гақ, -гәк, -қәк, -кәк — ұйғыр, -гак, -гек — түрікмен тілдерінде сын есім тудыратын жарнақтар болып есептеледі.

-у жұрнағы — қазақ, қарақалпақ, -ув түрікмен тілдерінде кейбір етістіктерге жалғанып сын есімдер жасайды. Ал басқа тілдерде -у жұрнағының орнына басқа жұрнақтар қолданылады. Сондықтан -у жұрнағы өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдері үшін қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі сияқты емес.

Өзбек тілінде *оқу* — уқимоқ арқылы беріледі де, оның сын есім тудыратын жұрнағы -иш — болып келеді: *уқиши*.

Түрікмен тілінде *оқу* — оқмак болып айтылса да, *оқув китабы* деп жазылады [3; 80].

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнақтары қазақ тілінде, -лас, -лес қарақалпақ, -лаш, -даш, -деш қырғыз тілдерінде есім сөздерге қосылып, олардың бірдей, тең мағынада екендігін білдіреді.

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде, -дай, -дей, -тай, -тей, -той, -дой, -дөй, -дей қырғыз тілдерінде есім сөздерге қосылып, салыстыру, ұқсату мағынасын білдіретін сын есім жасайды.

-шаң, -шең жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде -чанг, өзбек тілінде зат есімдерге қосылып, сын есім жасайды. Бірақ өзбек тілінде бұл жұрнақтың өрісі қазақ тіліндегідей кең емес, тек қана санаулы сөздерге қосылады.

-ки, -қи, -аки, -и жұрнақтары қосылып, есімдерден туынды сын есім жасайды: *пистаки, тушаки, қалбаки* т.б. Сол сияқты түрікмен тілінде де *-қы, -ки* жұрнақтарының жәрдемімен туынды сын есім жасала береді: *ғайрақы, илерки* т. б.

Қазақ тілінде *-қой, -гой* жұрнақтары зат есімдерге қосылып, сындық мағынаға ие болатын жаңа сын есім тудырады: *кәсіпқой, төбелесқой, жанжалқой, жеңісқой* т.б. [3; 81].

Чуваш тілінде сапалы сын есім теңестіру дәрежесінде, дәреже келесі түрде құрылады: а) *-ча, -чат, -вер, -сем*, күшейтпелі бөліктердің көмегі арқылы; ә) *инсе-инсе, кан-канак* редупликациялық түбірдің бөлігі және толық жолы арқылы; б) *пуринчен лайах* — бәрінен жақсы анықтағыш есімдік арқылы.

Аффикстің ішінде қолданылатыны мыналар: түбірлері *-ла (-ле)* болатын сын есімнен құрылған түбірлер: *хаюлла* — ержүрек, *тирпейле* — тиянақты; *-сар, (-сер)*: *хаюсар* — қорқақ, *тирпейсер* — тиянақсыз; *-хи*: *ирхи* — таңғы, *ыранхи* — ертенгі; түбірі етістіктен құрылатын; *-чак (-чек)* *мухтанчак* — мақтаншақ, *именчек* — ұялшақ; *-ак (-ек)*: *харак* — құрғақ, *серек* — шірік.

Якут тілінің сын есімі басқа түрік тілінің және семантикалық сын есімдерге қарағанда зат есімге қарағанда морфологиялық нақты шектелген. Біріншіге қарағанда олар интенсивті түрмен өзгешеленеді, ал екіншіге қарағанда олар пысықтауыш ретінде қолданылмайды.

Ежелгі түрдегідей сын есімнің келесі аффикстерімен қолданылады: *-ык*: *төгүрік* — домалақ; *-х*: *мөлтөх* — әлсіз; *-қас*: *қуттақас* — қорқақ; *-ыган*: этиген — сөзшең (*эт* — сөйлеу); *-ымтыа*: *умайымтыа* — жанармай [6].

Бұлардан басқа етістіктерден сын есім тудырушы жұрнақтар аз емес, бірақ солардың көпшілігі әрбір тілдің халық тілі болып қалыптасу дәуірінде үлкен өзгеріске ұшырағанды немесе әр тіл өздерінің ішкі мүмкіншіліктерінен пайдаланып өзіне тән жұрнақтарды жасап шығарған, басқа генетикалық байланысы жоқ болса да, мәдениет, экономика т.б. қатынастар арқылы біршама сөздерді де, сонымен қоса олардың жұрнақтарын да қабылдағаны сезіледі. Жалпы алғанда, басқа тілдерден сөздерді қабылдаса да, қосымшаларды қабылдау өте сирек, қабылданған көпшілік сөздер де сол тілдің ырқына еніп, сол тілдің қосымшаларын қосып алады. Етістіктерден есім жасаушы жұрнақтар жөнінде де осыны айтуымыз мүмкін. Дегенмен тілдің мүмкіншілігі шексіз сияқты, ол өзінің өмір жолында өзгеріп, дамып, байып барады. Бұған салыстырылған тілдер мысал бола алады.

Демек, сын есімдер ескі уақыттардан бері қалыптасқан, зат есімдердің түр-түсін, сапасын, салмаған әр түрлі қасиетін анықтайтын, өзіне тән шырай категориясы бар сөз табы болып есептеледі.

Түркі тілдердің барлығына ортақ сапалық сын есімдер деп аталатын негізгі сын есімдер өздерінің табиғаты бойынша заттың сан түрлі сыр-сипатын білдіреді. Бұндай сапалық сын есімдер салыстырылған тілдерде лексикалық-семантикалық мағыналармен атқаратын қызметі бойынша бір-біріне ұқсас екендігі сезіледі.

Түркі тілдерінің кейбіреулерінде басқа тілдерден сын есімдер де келіп кірген, кейін сіңісіп, олардың өз сөзіне айналған. Ал ол сөздердің басқа тілден кіргендігі, түркі тілдерінің басқасында жоқ екенінен сезіледі. Өйткені түркі тектес сөздердің қайсысы болса да көбіне ортақ, бірінде жоғалса, басқаларында сақталады. Бұған мысал етіп өзбек тілін келтіруге болады.

Қазақ тіліндегі сын есімдер мағыналық жағынан зат есімдермен ұштасса, мәні мен қызметі жағынан есімшелердің, кейде үстеулердің кейбір топтарымен жалғасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен байланысы бірыңғай формалардың тілдің даму барысында әрі есімше, әрі сын есім, кейде үстеу ретінде қалыптасады. Мысалы: *көк* — түс аты, *аспан* — есімше тұлғасы, сын есім; *-қы*: *шайқы* — зат есім; *-қыш*: *тұтқыш* — зат есім, *тапқыш* — сын есім. Түркі тілдеріндегі сын есімдердің бір ерекшелігі — оларды басқа сөз таптарынан ерекшелейтін, басы ашық тек қана «сын есімдерге тән» деп қарауға болатындай морфологиялық тұлғалардың өте аздығы. Айталық, қазақ тіліндегі сын есім жасайтын қосымша *-лы* түп негізі жағынан *-лық* қосымшасының тарихи варианты. Ал *-лық* көне түркі тілінің өзінде таза сын есім жасайтын қосымша болмағаны мәлім, сын есімнің шырай түрлерін жасайды деп есептелетін тұлғалардың қалыптасуы тіл дамуының кейінгі дәуірлерінде болса керек. Бұлардың бәрі сын есімдер деп аталатын грамматикалық топ түркілердің негіз тілі құрамына қатысты деп тұжырымдауға дәлел болмайды. Сын есімдердің басқа топтарынан семантикалық және грамматикалық жағынан жіктелуі, өз алдына топ ретінде оқшаулануы тілдің даму барысында орныққан құбылыс болса керек.

Түркі тілдері құрамында сын есімдер екі түрлі жолмен қалыптасқан: есімдердің контексте қолданылу барысында сын есімге айналуы; есімдердің басқа топтарынан оқшаулана морфологиялық жүйенің қалыптасуы.

Сын есімдердің қалыптасуы есім тұлғаларының әуелгі анықтауыштық қызметке ие болып, соның нәтижесінде сындық мән алып, тұрақталуына негізделеді. Бұл жолмен жасалғандарға қазіргі тіліміздегі негізгі сын есімдердің көпшілігі жатады, яғни қазіргі түркі тілдерінің барлығында кейбір фонетикалық өзгерістерімен қолданылатын *көк, қара, қызыл, жасыл, сары жас, кәрі* т.б. сын есімдер осы жолмен қалыптасқан. Бұл сөздердің арғы негізі әр түрлі есім де, етістік те болуы мүмкін. Айталық, *қара* сөзі зат есім мәнін де, етістік мәнін де білдіреді: *қара көрінді, маған қарады*.

Сонымен, осы айтылғандардан шығатын қорытынды: негізгі сын есімдер о баста әр түрлі есім тұлғалардың қолданысы негізінде қалыптасқан. Жоғарғы фактілерден байқалып отырғандай, трансформация жолымен түбір сөздер ғана емес, туынды түбірлерде де сын есімге айналған. Негізгі түбірлер сапалық сын есімдерге ұйытқы болса, туынды түбірлер көбінесе қатыстық сын есімдердің негізін қалады. Туынды түбірлер негізінде қалыптасқан сын есімдердің едәуір тобы қазіргі тілде шырай қосымшаларын қабылдамайды.

Ал, сын есімдер жасаудың екінші жолы — оларды басқа сөздер тобынан ерекшелейтін морфологиялық жүйенің қалыптасуы — туынды есім түбірлердің трансформация жолымен сын есімге айналуына негізделсе керек. Туынды түбірлердің текст құрамында қолданылу барысында сындық мән алып, орнығуы олардың форманттарының сын есімдік мән туғызу тәсілдері ретінде қайта ұғынылуына жағдай жасады. Осы жолмен есімдерден сын есім жасайтын *-лы* және *-лық*, етістіктерден сын есім жасайтын *-қын*, *-ар*, *-қыр* т.б. аффикстер құралған, сын есім жасаудың морфологиялық жүйесі қалыптасты.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдерді морфологиялық тұрғыдан екі топқа бөліп қарастыру қалыптасты. Ондай топтар: негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдер. Негізгі сын есімдер тобында әдетте бүгінгі тіл құрамында бөліп қарауға келмейтін, түбір ретінде ұғынылатын сөздер жатады да, туынды сын есімдерге қосымшалар арқылы басқа сөз таптарынан (есімдер мен етістіктерден) жасалған сын есімдер жатады.

Негізгі сын есімдер: *ақ, қара, көк, қызыл, сары, ала, жақсы, зор, үлкен, кіші, тегіс, бай* сияқты сөздер барлық түркі тілдерінде айтылады (әрине, әр тілдің немесе тілдер тобының өздеріне тән фонетикалық ерекшеліктеріне сай). Негізгі сын есімдердің едәуір тобы, әсіресе түр-түсті білдіретін сын есімдер бүгінгі түркі тілдерінде кейбір фонетикалық ерекшеліктерімен түгел қайталанып отырады. Мысалы: *ала*; ноғай: *ала*; ұйғыр: *ала*; алтай: *ала*; түрікмен, әзербайжан: *ала* т.б. Сол сияқты заттың ерекшелігін білдіретін сөздер түркі тілдерінің барлығына дерлік тән, мысалы: *жаңа, көк*; казак: *жаңа*; ноғай: *яңы*; құмық: *яны*; ұйғыр: *йени*; түрік: *йени*; әзербайжан: *йени*; чуваш: *дјині*; казак, ұйғыр, қарақалпақ: *көк*; түрік: *гөк*; татар: *күк*; якут: *күрк*; чуваш: *кывак*; түрікмен: *гөөк* т.б. Сонымен бірге негізгі сын есімдердің кейбір түрлері, әсіресе заттың әр түрлі сапалық ерекшеліктерін білдіретін сын есімдер жеке тілдердің қалыптасу, даму ерекшеліктеріне лайық өзгеше болып отырады: бұл жерде, әсіресе чуваш тілін еске алу керек. Мысалы, чуваш: *ваты* — қарт, қария; *вими* — ұсақ, майда; *хырақ, хырах* — жалғыз, *лутака* — аласа, домалақ. Бұл ұғымдар көпшілік түркі тілдерінде басқа сөздер арқылы беріледі. Чуваштық эквиваленттер басқа түркі тілдері мен чуваш тілінің арасында белгілі дыбыс сәйкестіктеріне жатпайды, чуваш тілінің өзіндік дамуының нәтижесі болып табылады [7].

Сонымен қатар, сөздік қордың басқа саласы сияқты, сын есімдер тобы да басқа тілдермен байланыс арқылы толығып отырады. Чуваш тіліндегі *лытқы* — тыныш, *лутра* — аласа, *янкар* — шірік, *шулятра* — үлкен т.б. толып жатқан сын есімдер, өзбек тіліне араб, парсы тілінен енген сын есімдер т.б. осы жол арқылы қалыптасқандар.

Туынды сын есім жасайтын аффикстердің бірі және осы қызметте ең жиі қолданылатын *-лық, -лік*. Бұл аффикске қатысты ескеретін бір жай — көне, ескі түркі тілдеріндегі бұл аффикс көбіне *-лығ* сипатында айтылады да, әрі зат есім, әрі сын есім жасаған. Бұл аффикстің *-лық* варианттарының қалыптасуы — фонетикалық өзгерістерінің нәтижесі [1].

Сапалық сын есімдердің қатарындағы сөздердің біразы тарихи жағынан туынды түбірлер де, түбір мен қосымшаның жігі ажырамастай бірігіп кеткен. Мысалы, *қызыл, жасыл, ұзын, үлкен* тәрізді сөздер *қызғылт, жасқылтым, ұзар, ұзақ, үлкейген, үлкею* сияқты туынды сөздермен тарихи тұрғыдан түбірлес екені даусыз [8].

Мұндай аффикстердің ұяластығы бүгінгі тіл құрамында қолданылу ерекшеліктерінен байқалады. Мысалы, қазіргі казак тіліндегі *-лы* орнына *-лық* немесе керісінше қолданылу кездеседі: *аудандық жер, ауданды жер*.

Қазіргі түркі тілдерінде *-лық* және *-лы* аффикстері арқылы жаңа сөз тудыру қатыстық сын есімдер жасалуының ең өнімді тәсілдері болып табылады. Тува: *даштыг* (тасты), *даглыг* (таулы), *суглыг* (сулы); өзбек: *қурқничили* (қорқынышты); хақас: *маллыг* (малды), *тонныг* (тонды, киімді); башқұрт: *ишли* (етті). Осы тұлғалас қатыстық сын есімдердің қазіргі түркі тілдеріндегі семантикасы мен қолданысы көбіне ыңғайлас болады да, тілдер бұл жөнінде бір-бірінен пәлендей оқшау құбылыс байқатпайды.

Дегенмен, қазіргі кейбір тілдерде бұл тұлғалы сын есімдердің өзгеше қолданысы да (көне түркі тілімен салыстырғанда) байқалады: *-лы*, *-лық* тұлғалы сын есімдер кісінің ұлт, мекенге қатыстылық мәнін білдіреді. Мысалы, қарашай: *қытайлы* (қытайлық), оруслы (ресейлік), *қарачайлы* (қарашай, қарашайлық); түрік: *Истанбуллы* (стамбулдық); түрікмен: *Морылы* (Морайлық); өзбек: *Самарқанли* (Самарқандық) т.б. Мұндай қолданыс — *-лы*, *-лық* тұлғалы сын есімдердің семантикалық дамуының нәтижесі. Түрікмен, ұйғыр тілдерінде осы мәнде *-лақ*, *-лек* аффиксі де қолданылады: *итлек* (етті), *музлақ* (мұзды). Якут тілінде осы мәнде *-тах*, *-тәх* аффикстері айтылады: *аттах* (атты), *оғолох* (ұлды).

Қатыстық сын есім жасайтын аффикстердің бірі *-шақ*, *-шек*, *-чан*, *-чен*, *-ча*. Бұндай тұлғалы сөздер белгілі бір іске, әрекетке, әдетке ыңғайлылықты, икемділікті білдіреді. Қазақ: *бойшаң*; алтай: *соғушчан* (төбелесшіл, ұрысқак); татар: *талайчән* (талайшыл); өзбек: *сузчан* (сөзшен) т.б. Қазақ тілінде, тағы басқа тілдерде бұл мәнде *-қақ*, *-кек* аффикстері айтылады (*ұрысқақ*). Бұл айтылғандардан басқа есім түбірлерден сын есім жасайтын аффикстер мыналар: *-қы*, *-кі*: *қысқы*, *жазғы*; әзербайжан: *ахшамыха* (ақшам уақытындағы, кешкі); түрік: *сабаһқы* (ертеңгі), чуваш: *сурки* (көктемгі); тува: *часқы* (көктемгі) т.б. *-дақы*, *-декі* жоғарыдағы аффикс пен жатыс жалғау қосымшасынан құралған: *ауылдағы*, *үйдегі*; түрік: *чирдегі* (жердегі) т.б. Қазіргі түркі тілдері құрамында сын есім жасайтын аффикстердің саны едәуір. Бірақ олардың көпшілігі, жоғарыда айтылғандардан басқалары, өнімсіз, азын-аулақ сөздер құрамында ғана кездеседі. Мысалы, *-ғай* аффиксі қазақ тілінде *қапсағай* тәрізді бірен-саран сөздің құрамында ұшырайды. Ал, татар тілінде айтылатын *-лач*, *-леч* аффикстері (*итләч* — етті, *йыплач* — жүндес) қазақ тілінде атымен кездеспейді. Немесе қарашай-балқар, түрік тілдеріндегі *-ман* (ақылман, қараман), алтай тіліндегі *-сыг* (дашсыг-тас сияқты), қазақ тіліндегі *-гөй* (ақылгөй) тәрізді аффикстер көбіне аталған тілдерде және бірен-саран сөздер құрамында айтылады. Сондай-ақ жеке аффикстердің белгілі бір тілдер құрамында қолданылу дәрежесі де бірдей болып келмейді. Мысалы, қазақ тілінде *-ман* аффиксі сын есім жасамайды, ал қарашай-балқар, түрік тілдерінде сын есім жасайтын аффикстер қатарына жатады. Сол сияқты *-сақ* аффиксі қазақ тілінде кейбір есімдерге қосылып, субъектіні басқалардан ерекшелетін қылық-мінезге үйірлігін білдіретін сын есімдер жасайды: *сусақ*, *малсақ* т.б. Бірақ *шай*, *айыр*, *балық* т.б. есім сөздерге жалғанбайды, яғни сондай зат есімдерден сын есім жасамайды. Басқа сөзбен айтқанда, мұндай қолданыс қазақ тілінде норма емес, ал алтай тілінде *арақызақ* (арақ құмар), *ұйқұзақ* (ұйқышыл); тува тілінде *айунзақ* (ойынға құмар), *чайымсақ* (шайқұмар), *балығымсах* (балыққа құмар), якут тілінде *этімсех* (етке құмар, етқұмар) т.б. Қазақ тілінде мұндай жағдайда *-шыл*, *-қор*, *-құмар* тәрізді қосымшаларды қолданар еді. Қолданысқа байланысты мұндай ерекшеліктер көбіне әдеби тілдің даму ерекшеліктерімен ұштасып жатады.

Ақ, *қара*, *сары*, *көк*, *сұр*, *биік*, *үлкен*, *аласа*, *жылы*, *жұқа*, *қалың*, *тік*, *ірі*, *кіші* сияқты сапалық сын есімдерді алсақ, қазіргі кезде олардың қай-қайсысы болса да, тиісті морфемаларға бөлшектенбейтін түбір сөздер есебінде қабылданып, ежелден келе жатқан негізгі сын есімдер ретінде түсініледі. Ал, туынды *бойшаң*, *алғыр*, *білгір*, *өткір*, *ашпалы*, *жаппалы*, *қалалық*, *ауылдық*, *сөзшең*, *сөзуар* сияқты қатыстық сын есімдерді алсақ, олардың бәрі де тиісті түбірлер мен жұрнақтарға мүшеленетін туынды сөздер есебінде қабылданып, белгілі қосымшалар арқылы жасалған туынды сын есімдер екені аңғарылып тұрады.

Сөйтіп, сын есімдерді морфемалық құрамдарына қарай, негізгі сын есімдер және туынды сын есімдер деп бөлуге болады. Бірақ оларды осылайша жіктеу шартты нәрсе екенін есте ұстау қажет, өйткені қазіргі кезде негізгі сын деп жүрген сөздердің көпшілігінің төркінін талдап қарағанымызда, туынды сындар болып келеді. Мысалы: *тұнық*, *суық*, *сұйық*, *сирек*, *тілік*, *сергек сияқты* сындар бастапқы *тұн*, *суы*, *ары*, *сире*, *тіл*, *сергі* деген етістіктерден туған. Сондай-ақ *ащы*, *тұщы* сияқты сындардың әуелгі формасы *ашты*, *тұшты* дегендер болған да, кейін белгілі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, бөлінбейтін түбір сөздерге айналып кеткен. Ал, *толы*, *пісі*, *кіші* сындары да бастапқы *толық*, *пісік*, *кішік* деген формалардан ықшамдалған, *кебу* (отын) сияқты сындар да *кеп*, *кебік* деген етістіктерден туған. Әрине, мұның бәрі бір күнде емес, замандар бойы тілдің грамматикалық

құрылысы мен негізгі сөздік қорының қарым-қатынасынан туып, тілдің даму заңына лайық бірте-бірте қалыптасқан және сол заң бойынша орныққан.

Тіл-тілдегі сөздердің семантикалық жақтарында жалпылық та, ұқсастық та, тіпті пара-парлық та бола береді, өйткені сөздің семантикасы ойлау категориясымен тікелей байланысты болады; ойлау қабілеті арқасында ақиқат өмірдегі құбылыстардың бәрі де адамның ойлау елегінен өтіп қабылданады. Ал тілдің грамматикалық құрылысын алсақ, оның сипаты бұлай емес. Жүйелері басқа-басқа тілдер былай тұрсын, шыққан төркіні бір, туыстас тілдердің өздерінің де грамматикалық құрылыстарында өздеріне ғана тән ерекшеліктері бола береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. — Алматы, 1976. — 239 б.
- 2 Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Тomanov М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1971. — 272 б.
- 3 Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1971. — 288 б.
- 4 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. II. Морфология. — М.: Изд. АН СССР, 1956. — С. 145–150.
- 5 Тomanov М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 57-б.
- 6 Языки мира. Тюркские языки. — Бишкек: Кыргызстан, 1997. — С. 410.
- 7 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. — М.: Наука, 1988. — С. 41.
- 8 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002. — 461-б.

М.А.Турсунова, Н.Ж.Исатаева

Формирование суффиксов имени прилагательного древнетюркского языка в современных тюркских языках

В статье рассмотрено имя прилагательное древнетюркского языка в сравнении с именем прилагательным современного тюркского языка, показаны сходство и расхождения. На основе конкретных примеров проанализированы суффиксы имени прилагательного, особенности образования имени прилагательных в разных языках. Примеры приведены из древних рукописей, а в характеристике современных тюркских языков использованы примеры кипчакского, киргизского, карлукского, уйгур-огузского, киргиз-кипчакских языков.

M.A.Tursunova, N.Zh.Isataeva

Formation of suffixes of an adjectives to the ancient turkic languages and his development in modern Turkishes

In article the adjective of drevnetyurksky language in comparison with an adjective of modern Turkic language is considered. In the description of character of an adjective in modern Turkic language features of property of language, relationship between drevnetyurksky language, and also similarity and divergences between drevnetyurksky and modern Turkic language are specified. On the basis of concrete examples suffixes of an adjective, feature of forms of different languages in formation of an adjective are analyzed. Examples are given from ancient manuscripts, and in the characteristic of modern Turkic languages examples of kipchaksky, Kyrgyz, karluksky, Uyghur-oguzsky, Kyrgyz-kipchaksky languages are used.

References

- 1 Esenculov A. *Completion old turkic monuments*, Almaty, 1976, 239 p.
- 2 Aydarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Eski Türk dili yazılı anıtlar*, Almaty, 1971, 272 p.
- 3 Nurmakhanova A. *Türk dillerinin karşılaştırmalı dilbilgisi*, Almaty: Mektep, 1971, 288 p.
- 4 *Researches on comparative grammar of turkic languages. Part second: Morphology*, Moscow: Publ. AH the USSR, 1956, p. 145–150.
- 5 Tomanov M. *Türk dillerinin karşılaştırmalı dilbilgisi*, Almaty: Publ. Kazak Üniversitesi, 1992, p. 57.

- 6 *Languages of the world. Turkic languages*, Bishkek: Kyrgyzstan, 1997, p. 410.
- 7 *Comparatively-historical grammar of turkic languages: Morphology*, Moscow: Nauka, 1988, p. 41.
- 8 *Kazakh grammar*, Astana, 2002, p. 461.

ӘОЖ 81'

Ж.Д.Рапишева, С.Ә.Рахымберлина, Ж.Ж.Ибраимова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: r_zhanat@mail.ru)

Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары

Мақалада бірнеше тілдерге ортақ саналатын халықаралық терминдердің басқа да тілдерге қабылдану тәжірибелері қарастырылды. Мақала авторлары қазіргі кезеңдегі халықаралық терминдерінің белгілі дәрежеде қалыптаса бастағанын, оларды аудару барысында қазақ сөздері кеңінен қолданылғанын, сондай-ақ араб-парсы, орыс терминдерінің қолданылу ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсетті.

Кілт сөздер: термин, терминологиялық лексика, кірме термин, халықаралық термин, мемлекеттік тіл, аудару, қалыптастыру, тұрақтандыру.

XXI ғасырдың тез өзгеріп жатқан өмір ағысында әрбір индивид өзінің кәсіби біліктілігі арқылы, белгілі бір арнайы тілдің, басқаша айтқанда, ғылым саласының иесі ретінде танылады. Бұл білім беру саласында терминдердің мәнін дұрыс түсіндіру, олардың табиғатын тану мәселесін өзектендіреді.

Терминология — ақпарат көзі, сонымен бірге терминология — лексиканың сыртқы өзгерістерге тез бейімделетін, онымен тығыз байланысты бөлігі. Терминологиядан қоғамдағы тарихи өзгерістердің кезеңдерін, себептерін, өркениеттердің тегін, тілдің мәдени, ғылыми, техникалық әлеуетін тануға болады.

Ғылыми ұғымды жеткізетін терминдер ұлттық та, ұлтаралық та, халықаралық та бола алады. Терминологияда қолданылатын термин сөздердің көпшілігі шығу тегі жағынан халықаралық немесе бірнеше тілдерге ортақ болып келеді.

XX ғасырдың 50–70-жылдары аралығында қазақ тілінің терминдер жүйесі қалыптастырылды, реттелді, бұл тармақ әсіресе практикалық тұрғыдан біршама тиянақталды деген тұжырым жасалған болатын және бұған дәйек ретінде қазақ терминологиясының 70–80 пайызын кірме, яғни интернационалдық (халықаралық), терминдер құрайтындығы көрсетілген еді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болу үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан керісінше, яғни тіліміздегі терминдердің 70–80 пайызы қазақтың төл сөздері болу керек те, қалған 20–30 пайызы кірме сөздер болуы керек дейді терминология мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалымдар, терминолог-мамандар. Бұл 20–30 пайыз бөтен сөздер тіліміздің сөздік құрамы мен құрылысын, бірегейлігін бұза алмайды.

Біздің терминологиямыздың басым бөлігі шет тілдерінің сөздері болып кетуі — ұлт тілінің ғылым саласында қолданылмауы салдарынан салалық мамандардың термин шығармашылығымен айналысудан гөрі өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдауға дағдыланғандығынан деп тұжырымдайды кейбір зерттеушілер. Сондықтан да мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың сан түрлі саласында қолданып, термин шығармашылығында іске қосудағы салалық мамандардың рөлі ерекше. Дәлірек айтқанда, бұл солардың қолындағы іс. Бірақ салалық мамандардың барлығы бірдей терминге қойылатын талаптарды, терминологиялық жүйенің ерекшеліктерін, терминдерді тілдік тұрғыдан реттеуді біле бермейді. Сондықтан терминтану ғылымының тіл білімімен тікелей байланыстылығынан немесе оның тіл білімінің негізінде қалыптасатындығынан болса керек, әлемдік тәжірибеде белгілі бір саланың терминдерін жасап, оларды іштей жүйелеуге ерекше үлес қосқан салалық мамандардың барлығына қарамастан, терминологиялық жұмыстарды жүргізіп (оның ішінде терминтану теориясын), терминтанудың түрлі мәселелерін зерттеген терминологтар, негізінен, тіл мамандары болып келеді [1].